



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 3 (124)/2018, 90-98 pp.
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz*

МРНТИ 11.25.91

Б. Ж. Абжаппарова, А. А. Тлеубаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail:hadisha_1960@mail.ru)*

Жапонияның Солтүстік Кореяға ұстанған саясаты

Аннотация. Мақалада Азия Тынық мұхиты аймағында орналасқан елдердің даму ерекшеліктері қарастырылған. Оның ішінде Жапонияның қазіргі кезеңдегі Корей түбегіндегі ядролық дағдарыс мәселесіне алаңдаушылық танытатындығы сараланған. Корей Халықтық Демократиялық Республикасының атом қаруын жасауға деген ұмтылысының тарихи себептері айқындалған. Қазіргі кезеңдегі Солтүстік Кореяның ядролық дағдарысы бүкіл адамзатқа жаһандық қауіп төндіріп отырған мәселеге айналып отыр. Әсіресе геосаяси жағынан Азия Тынық Мұхиты аймағына тигізер қауіпі өте зор.

Жапония Солтүстік Кореяны өзінің ұлттық қауіпсіздігіне басты қауіп төндіретін ел ретінде қарастырады. Сондықтан Жапония сыртқы саясатында Солтүстік Корея маңызды орын алады. Әрі Жапония АҚШ-тың Корей түбегіндегі саясатына толық қолдау жасайды.

Корей түбегін ядролық қарусыздандыру мәселесі өте маңызды екендігі талдауға алынған. Жапонияның КХДР ұстанған саясатына назар аударылған.

Соңғы уақытта АҚШ пен КХДР арасындағы денуклеаризация процесінің жүзеге асырыла бастауына Жапония қолдау көрсетеді. Алайда Корей түбегіндегі денуклеаризация процесін жүзеге асыру әлі де толық шешімін таппай отыр.

Түйін сөздер: Жапония, Азия Тынық Мұхиты Аймағы, Солтүстік Корея, Оңтүстік Корея, ядролық дағдарыс, қауіпсіздік, қарусыздандыру, солтүстіккореялық қауіп, денуклеаризация.

DOI: 10.32523/2616-6887-2018-124-3-90-98

Кіріспе. Аталған мақалада Азия Тынық мұхиты аймағының ядролық қауіпсіздік мәселесіне көңіл бөлініп, оның ішінде Жапонияның үлкен алаңдаушылық танытатындығы сараланған. Ең бастысы КХДР ядролық бағдарламасының қалыптасу тарихына талдау жасалған. Жапонияның өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіп отырған жұмыстары ашып көрсетілген.

Міндеттері. Мақаланың басты міндеті Корей түбегіндегі ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен Жапонияның соған байланысты ұстанып отырған саясатын зерттеу.

Мақсаты. Мақаланың басты мақсаты – Солтүстік Корея геосаяси жағынан іргелес, ядролық қаруы бар ел болғандықтан, Жапония өзінің ұлттық қауіпсіздігін сақтауда сыртқы саясатында Солтүстік Кореяға маңыз беріп отырғандығына талдау жасау.

Зерттеу тәсілдері. Мақаланы жазу барысында теориялық (салыстырмалық талдау, зерттеудің сұрыптау және ғылыми баяндау) тәсілдері пайдаланылды.

Қазіргі кезеңде Солтүстік Кореяның ядролық дағдарысы жаһандық мазмұнға ие болып, әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіріп отырған өте күрделі мәселеге айналып отыр. Әсіресе Азия Тынық Мұхиты аймағының орталығында қауіпсіздіктегі түбегейлі факторының мәні де осыған тіреледі.

Біріншіден, Азия Тынық Мұхиты аймағында орналасқан елдердің әлем дамуына деген әртүрлі көзқарасы қалыптасқан. Шығыс Азия экономикалық жағынан дамып отырған аймақ ретінде осы аймақта орналасқан елдердің басым бөлігі экономикалық өсімнің жоғары деңгейін көрсетіп отыр. 2018 жылғы ҰҰӨ нақты жылдық өсімі Жапонияда 1,2, Оңтүстік Кореяда 3,1 пайызды құрап отыр [1]. Ал ҚХР Реформа мен даму жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы Хэ Лифэн Қытайдың экономикасы 2017 жылдың қорытындысы бойынша 12 триллион доллар көлемінде тез қарқынмен дамып отырғандығына қарамастан, әлемде АҚШ-тан кейін екінші орын алып отырғандығын мәлімдеді [2].

Шығыс Азия елдері жоғары экономикалық әлеуетке ие болып отырғанымен, аймақта Қытай әлі де болса жетекші рөл атқарады. Қытайдың сыртқы саясатындағы әлемдік тәртіп құрылымына концептуалды көзқарасы АҚШ-тан өзгеше құрылған. АҚШ өзінің сыртқы саясатын әлемдік дамудың тиімділігін қамтамасыз етуде жетекші орында болу идеясымен сәйкестендіріп отыр [3]. Өз кезегінде Қытайдың доктриналды құжаттары [4] керісінше: жалпыға бірдей бейбітшілік пен бірлескен даму идеясы гегемониясыз және күш қолдану саясатынан байқалады.

Шығыс Азия аймағындағы ірі елдердің бірі Жапония АҚШ-тың ірі сауда әріптестерінің қатарына еніп, АҚШ-пен берік экономикалық қатынас орнатқан. Қазіргі кезеңде Жапония Шығыс Азияның экономикасында Қытайдан кейін жоғары экономикалық даму деңгейіне жетіп отыр [5].

Екіншіден, КХДР өз ядролық бағдарламасын белсенді дамытып, баллистикалық зымырандарын сынақтан өткізді. КХДР сутегі бомбасын да сәтті сынақтан өткізгендігін де мәлімдеді. Алайда Ресейдің Энергетика және қауіпсіздік орталығының директорының мәлімдеуінше, КХДР-да термоядролық қару-жарақ бар, оның көздеген нысанға континентальды баллистикалық зымыранның көмегімен жеткізілуі мүмкін деген мәлімдемесіне күмән бар екендігін алға тартады [6].

Үшіншіден, КХДР орналасу ерекшелігі мен оның территориясындағы стратегиялық объектілерге, зымырандық объектілерді АҚШ атқыласа, онда әлемдегі жалпы адамзатқа үлкен қауіп төніп, Солтүстік Корея территориясында орналасқан ядролық объектілерге ғана емес, жаһандық экологиялық зардап әкелуі мүмкін.

Қазіргі жағдайда Корей түбегі мен Азия Тынық Мұхиты аймағында қауіптің орын алып отырғандығына байланысты мәселені кешенді түрде зерттеп және реттеу қажет.

Корей Халықтық Демократиялық республикасының атом қаруын жасауға деген ұмтылысы Солтүстік Корея тарихымен тығыз байланысты. 1956 жылы Ким Ир Сен АҚШ-тың 1950–1953 жылдардағы корей соғысы кезеңінде Пхеньянға қарсы ядролық қару пайдалану жоспарын жүзеге аспағандығын білген соң, КСРО-мен ядролық энергетика саласы бойынша мамандар даярлау бойынша келісімге қол қойды [7].

70-ші жылдардан бастап КХДР өзінің ядролық қаруын жасауды бастау мақсатында Қытайдан көмек сұрап, солтүстік корейлықтарды өздерінің ядролық полигондарына жіберуге рұқсат сұрады. Ядролық державалардың қатарына кіруді ұзақ күтіп, өздерінің алғашқы атом бомбасын жасап және сынақтан өткізуге корей коммунистері 2006 жылы қол жеткізді. Осы уақыттан бастап аймақтағы қауіпсіздік жағдайы түбірінен өзгерді. КХДР өз ядролық қаруын 2009, 2013, 2016 жылдары сынақтан өткізді. Бесінші ядролық сынағын Солтүстік Корея 2016 жылдың 9 қыркүйегінде жүргізді. КХДР 10 килотон күші бар қондырғыны пайдаланды. Бұл бұрынғы көрсеткішке қарағанда екі есе артық нәтиже еді [1]. Бұнымен қатар Пхеньян сутегі бомбасын жасау технологиясы бар екендігін дәйектеп отыр. Ең қауіптісі

Ким Чен Ынның баллистикалық зымырандармен шағын оқтұмсықтарды ұшырып жібере алатындай дайындығы бар екендігін мәлімдеуінде болды.

Жапония үкіметі зымырандық-ядролық бағдарламасына байланысты КХДР қарсы біржақты санкциялардың жаңа пакетін мақұлдады. Kyodo ақпарат агенттігінің мәліметі бойынша аталған шешім 12 желтоқсанда министрлер кабинеті отырысында қабылданды.

Санкциялар Солтүстік Кореяның қосымша 19 ұйымдары мен компанияларына қатысты болды. Егер олардың активтері табылса бірденінен тоқтатылатындығын мәлімдеді. 7 қарашада КХДР-нің 35 заңды және жеке тұлғаларын қамтитын бұрынғы санкциялар тізімі бекітілді.

Токиода олар Солтүстік Кореяның шет елдерге жұмысшыларды жіберуіне, сондай-ақ көмір мен минералды экспорттауға байланысты өздерінің ядролық зымырандарды дамыту бағдарламасына қатысы бар деп санайды.

Жапония 2017 ж.тамызда КХДР қатысты санкцияларды кеңейтті. Солтүстік Кореямен саудаға тиым салып, олардың азаматтарына виза беру, КХДР-на ақша аударымдарын жүзеге асыру шараларын күшейтті. Қазіргі кезеңде екі ел арасында тікелей транспорттық байланыс, дипломатиялық қатынастар тоқтатылды.

Корей түбегіндегі шиеленіс КХДР ядролық зымырандық бағдарламасының, сондай-ақ Америка Құрама Штаттары мен оның одақтастарының аймақтағы әскери жаттығуларының белсенді дамуына байланысты сақталып отыр.

2017 ж. шілдеде Солтүстік Корея екі рет баллистикалық зымырандарға сынақ жасаса, 29 тамызда және 15 қыркүйекте тағы екі рет зымырандар ұшырып, ол Жапония территориясы арқылы өтті. Ал 3 қыркүйекте КХДР сутегі зарядына сәтті тәжірибе жасағандығын жариялады. Осыған байланысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі КХДР қарсы санкция режимін тез арада күшейтті. 29 қарашада Пхеньян континентальды аралық баллистикалық зымырандарының прототипіне сынақ жасады. Ол сарапшылардың пікірінше, АҚШ территориясындағы қажетті нысандарды көздеп, жоя алады. АҚШ пен Жапония мәселелерін шешу үшін әлемдік қауымдастық Солтүстік Кореяға қысымды барынша көбейтіп, санкцияны арттыру қажеттігін ескертті[8].

Шын мәніне келгенде шағын, қорғансыз мемлекет ұлы державаларға қауіп төндіріп отыр. Жаңа және ең мықты технологиялық ядролық әлеуеті бар АҚШ-тағы оқтұмсықтардың саны соңғы елу жылда 31 255 жетіп отырған Вашингтонның КХДР-ның бір сәтте күлін көкке ұшыра алатындай күші болса да, Пхеньянның белгісіз сападағы жиырма ядролық бомбасы бар болғандықтан қауіптеніп отыр [9].

КХДР ядролық бағдарламасы әлемде бейбітшілікті сақтау мен қауіпсіздікке қатер әкеледі. АҚШ-тың Бірлескен комитеті басшыларының штабының мүшесі Генерал Джозеф Данфорд (Joseph Dunford), Солтүстік Кореяның әрекеті «АҚШ-қа ғана емес, оның одақтастарына қауіпті күшейтіп отырғандығын» атап көрсетті. Үлкен қашықтыққа бағытталған зымырандарды Пхеньянның жетілдіруі «АҚШ-қа ғана емес, оның Азия Тынық Мұхиты аймағындағы одақтастарына бағытталып отырған» қауіп болып тұр.

Соңғы жылдары АҚШ Оңтүстік Корея территориясында әскери гарнизондарын орнықтырды. Окинавада да қосымша базалары бар. Америка үкіметі түбекке ядролық қаруын әкеліп, бірлескен әскери қимылдар өткізуде, бірнеше әскери теңіз флоты, крейсер авиакондырғылар, стратегиялық бомбардировщиктері бар.

2017 жылы 7 желтоқсанда Токио тұңғыш рет Жапон қорғаныс күштеріне шетелде соғыс қимылдарына қатысуға рұқсат беретін бірқатар заңдар қабылданғаннан бері алғаш рет әскерді орналастыру мүмкіндігін қарастыруда. Бұл Солтүстік Корея зымырандарының жапон су территорияларына түскен жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

2016 жылдың 29 наурызында Жапонияда елдің қорғаныс қабілетін арттыру мақсатындағы әскери күшін пайдалану мүмкіндігін кеңейтетін заңдар жинағы күшіне ене бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін заңға өзгертулер енгізу жапон әскеріне шет елдердегі әскери қимылдарға қатысуға және одақтастарының мүдделерін қорғауға құқық берді.

Сондай-ақ заңнамадағы өзгерістер Жапонияның өзін-өзі қорғау күштері үшін енгізілетін реттеудің үш дәрежелі қауіп-қатерін қарастырады, деп жазады Жапонның Yomiuri Shimbun газеті.

Бірінші және ең төмен дәреже «қарулы шабуылдың мүмкіндігі» деп қарастырылады және қорғаныс объектілерінің құрылысын қажет етеді. Екінші - «қарулы шабуыл қауіп сөзсіз» және бұл жағдайда өзін-өзі қорғау күштері майдан алаңында орналасуы мүмкін. Үшінші дәреже - тікелей қарулы шабуыл дегенді білдіреді және «күшпен күресу» құқығын береді [10].

Басылым атап көрсеткендей, әзірге Токио бұл кезеңдердің ешқайсысын практикалық тұрғыда қолданған жоқ.

КХДР баллистикалық зымырандарының жапон территориялық суларына түсуі «қарулы шабуыл жағдайы» болып бағаланады. Мұндай жағдайда Жапония өзін-өзі қорғау мақсатында күш қолдануы мүмкін.

2017 желтоқсандағы оқиғалар қарсаңында Солтүстік Корея АҚШ-пен арадағы шиеленістің күшейіп отырғандығына қарамастан, апта сайын зымырандық сынақтар өткізіп отыратындығын мәлімдеді. Солтүстік корейлік Сыртқы Істер Министрлігінде егер АҚШ тарапынан әскери қимылдар басталса, «кең көлемдегі соғыстар» бастауы мүмкін екендігін ескертті.

«Жапония елдерді КХДР-мен дипломатиялық қатынастарын үзіп, солтүстік корейлік жұмысшыларды кері қайтаруға шақырады» – деп мәлімдеді Жапония Сыртқы Істер Министрі Таро Коно.

Жапонияның Премьер-министрі Синдзо Абэ Пхёнчхандағы Олимпиадалық ойындар аяқталғаннан кейін АҚШ пен Оңтүстік Кореяға әскери жаттығуларды қайтадан бастау жөнінде ұсыныс жасамақ болып отыр. Сонымен қатар Абэ Корея Республикасы президентімен КХДР-ға қатысты кезекті күштеу іс-шараларын қайта қарап, соғыс болған жағдайда жапон азаматтарын түбек территориясынан эвакуациялау жоспарларын талқылауды ұсынды. Сарапшылардың пікірі бойынша, Токио «солтүстік корейлік қауіптен» жалғыз қалып қоямын ба деп қорқады, мұндай жағдай Сеул мен Пхеньян арасындағы шиеленіске кері әсерін тигізуі мүмкін деп санайды. Жапония мүдделері АҚШ тактикасымен сәйкес келеді, екі жақты Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы байланыстың болашағын ойлайды.

Дәстүрлі түрде америка-оңтүстік корейлік бірлескен әскери жаттығулар КХДР тарапынан теріс түсініледі, оны өз аумағына басып кіруге дайындық ретінде қарастырады.

Пхёнчхандағы олимпиада қарсаңында бірлескен оңтүстік корейлік және америкалық Foal Eagle және Key Resolve әскерлерінің жаттығуларын кештеу уақытқа ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. The Japan Times мәліметі бойынша жаттығуларды қайтадан бастаумен қатар, Абэ Оңтүстік Корея президенті Мун Чже Инмен қандай да бір әскери шиеленіс болған жағдайда, Оңтүстік Корея территориясындағы жапон азаматтарын қайтару жоспарын талқылауға ұсыныс жасап отыр. The Washington Post атап көрсеткендей, Жапония мен АҚШ Оңтүстік Кореядан осы миссияны орындау үшін жапон әскери кемелерін пайдалануға рұқсат беруді талап етеді. Алайда Оңтүстік корейліктер Екінші дүние жүзілік соғыс кезеңіндегі жапон басқыншыларының қатаң саясатын осы уақытқа дейін ұмыта алмайды, өз территориясынан жапон әскерлерін көргісі келмей бұған қарсы шығып отыр.

2017 жылдың қарашасында Сеул КХДР-ге қарсы бағытталған жапондармен бірлескен жаттығуларға қатысудан бас тартты.

Қазіргі кезеңде Жапония Солтүстік Кореяны өз ұлттық қауіпсіздігіне басты қауіп төндіретін ел ретінде қарастырады. Сондықтан жапон сыртқы саясатының басты назары мен күші Солтүстік Корея болып отыр.

Сарапшының пікірі бойынша, осы факторға байланысты Жапонияның АҚШ-тан Aegis Ashore зымырандарға қарсы соққы беретін кешендер мен шабуыл қаруларын сатып алуы өзін-өзі қорғаудың әскери күшін арттырумен байланысты.

Оңтүстік Корея Жапонияға қарағанда Пхеньянға қатысты жұмсақ позицияны ұстанады, сондықтан Токио Сеулді КХДР-ге қатысты белсенді әрекет етуге итермелеп отыр. Бұған субъективті және объективті себептер бар, Мун Чже Ин әкімшілігі солшылорталық саясатын ұстана отырып, әуел бастан, Солтүстікпен диалог жүргізуге бағыт алып отыр, ал Абэ ұлттық және жапондық саяси спектрдің бағытын талқылауға бейім емес. Саяси бағытпен байланысты Оңтүстік Корея мен Жапония басшыларының айырмашылықтарымен қатар, басқа себептері де бар.

Егер де қандай да бір шиеленіс туындаса, Оңтүстік Корея зардап шегіп, мыңдаған немесе миллиондаған адам шығынына ұшырауы мүмкін. Ал жапон тарапы бұл мәселеге аса сақтықпен қараса да, ядролық соғыстан қауіптенгенімен, шын мәнінде қатер көріп отырған жоқ. Токио одақтастары болмаса, КХДР әрекет етуі мүмкін емес деп санайды.

Токио солтүстік корейлік көшбасшы Ким Чен Ынды саммитке шақырды, жапондық БАҚ премьер-министр Синдзо Абэнің қоғамдық пікірді, тәртіпті бұзуға бағытталған құжаттарды бұзу дауын жоюға тырысып жатыр деп болжап отыр.

2018 ж. 9 ақпанында КХДР басшысы Ким Чен Ынның кіші қарындасы— Ким Е Чжон – Пхенчхандағы қыстық олимпиаданың ашылу салтанатына қатысты. Ким Е Чжонды Оңтүстік Кореяның президенті Мун Чжэ Ин Сеулдегі арнайы резиденциясында қабылдап, оның құрметіне арнайы қонақасы берді [11]. Ал Ким Чен Ынның қарындасы ағасының Пхеньянға арнайы шақыртуын тапсырды. Арасында АҚШ вице-президенті Майк Пенспен кездесті. Еліне келген соң іссапар барысы жайлы баяндама жасады. Солтүстік Кореяның көшбасшысы «Қысқы Олимпиада ойындарының Солтүстік пен Оңтүстіктің ортақ ерік-жігері мен қалыптасқан мықты ұмтылысы екендігін, татуласу мен диалогты одан әрі жандандыруға» серпін беретінін атап өтті.

2018 жылдың 28 наурызында Солтүстік Кореяның көшбасшысы Ким Чен Ын Пекинге іссапармен барып, ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен кездесті. Ол Ким Чен Ынға барлық та-раптармен бірге Корей түбегінде денуклеаризация жасау, аймақта берік бейбітшілік және тұрақтылық орнату үшін жұмысын жалғастыратындығы жайлы ойын білдірді [12].

Көптен күткен АҚШ президенті Дональд Трамп пен Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын арасындағы саммит 2018 жылдың 12 маусымы күні өтті.

Екі жақты оңаша кездесуден кейін Трамп екі жақты келіссөздің әлі жалғасын табатындығын айтып, Корей түбегін ядролық қарусыз аймаққа айналдыруда үлкен табыстарға жетуге болатындығын сендірді. Саммит «АҚШ пен КХДР арасындағы жаңа қатынастарды бекітуге байланысты мәселелер төңірегінде терең және шынайы пікір алмасу мен Корей түбегінде берік және мықты бейбітшілік жүйесін орнатумен» маңызды болып табылады. Сонымен қатар «президент Трамп КХДР қаіпсіздігіне кепілдік беруді міндетіне алса, ал төраға Ким Чен Ын Корей түбегінде толық ядролық қарусыздандыруды аяқтауға деген сенімділігі мен табандылығын растады.

Дональд Трамп пен Ким Чен Ын Корей түбегін ядролық қарусыздандыру процесіне байланысты бірлескен келісімге қол қойды. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың жақсаратындығына үлкен сеніммен қарайтындығын білдірді. Декларацияда

- Америка Құрама Штаттары мен КХДР арасында бейбітшілік пен қарым-қатынасты сақтау;

- КХДР 2018 жылғы 27 сәуірде қол қойылған Панумджом декларациясының және ядролық қарудан Корей түбегін толық босату туралы міндеттемесін растайды;

- Америка Құрама Штаттары мен КХДР соғыс тұтқындарының және жоғалған адамдарды қайтаруды міндеттейді.

Кездесудегі басты мәселе КХДР-дың ядролық қарудан бас тартуы төңірегінде өрбіді. Мамыр айында Трамптың кеңесшісі Джон Болтон Солтүстік Кореяны Ливиямен салыстырғаннан кейін саммит мүлдем өтпей қалуы мүмкін екендігін жеткізді. 24 мамыр күні АҚШ президенті кездесуден бас тартып, 6 күннен соң саммиттің болатынын хабарлады. Кездесу өтетіні белгілі болғанда, Солтүстік Корея Пунгеридегі ядролық сынақ полигондарына демонтаж жасады [13].

Жапония Сыртқы Істер Министрлігінің басшысы Таро Коно АҚШ-тың Солтүстік Кореядан қарусыздандыру процесі аясында 47 талапты орындауын талап етіп отырғандығын мәлімдеді. Дипломаттың сөзіне қарағанда осы тізімнің бір пункті бұзылатын болса, Солтүстік Кореяға қатысты санкцияны жою мүмкін емес екендігін дәйектеді. Таро Коно Ким Чен Ынның Корей түбегін ядролық қарусыздандыру жөніндегі жазбаша мәлімдесі – міндеттемелерді орындаудың мықты кепілдігі деп санайды.

Токио Корей түбегіндегі жағдайды реттеу процесін өте жауаптылықпен бақылайды. Жапония қандай да болмасын денуклеризация процесінде көмек көрсетуге дайын. Атап айтқанда КХДР-ның ядролық қарусыздандырудың халықаралық қорын құруды қаржыландырудың мүмкіндігін қарастыруда [14].

2018 жылдың 12 маусымында Сингапурда өткен американо-солтүстік корей саммитінен кейін Солтүстік Шығыс Азия қауіпсіздігі мәселесіне байланысты Улан-Баторда өткен Жапония мен КХДР дипломаттары арасында өткен байланыстар атаулы оқиғаға айналды.

Үстіміздегі жылғы 22 тамызда Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ резиденциясында өткен баспасөз конференциясында АҚШ Президенті Дональд Трамппен телефонмен сөйлескендігі туралы атап өтті.

С.Абэ телефон арқылы өткен жиналыста Д.Трамппен Солтүстік Кореяның ахуалы туралы сөз қозғады. АҚШ пен Солтүстік Корея лидерлері арасында өткен тарихи кездесудің орын алғанына 2 ай болды. С.Абэ «Біз сөйлесу барысында соңғы уақыттағы ахуалды талдап, алдағы Солтүстік Кореяға қатысты бағытымыз туралы егжей-тегжейлі талқыладық».

Сонымен бірге, Солтүстік Кореядағы ұрланған Жапония азаматтарына қатысты проблемаға тоқталып, Жапонияның осы күрделі мәселеге қатысты шаралары жөнінде түсіндірдім. Бұл тұрғыда Д.Трамппа келешекте өзара ынтымақтасуға өтініш білдірдім. Өз кезегінде Д.Трамп жапондық көзқарас негізінде бірге ықпалдасатындығы туралы атап өтті» деп баяндады.

С.Абэ сонымен қатар Солтүстік Корей түбегінің толықтай ядролық қарусыздануды жүзеге асыру бағытында Жапония мен АҚШ бір ұстанымда тұрғандығын дәйектеді. Осылайша, Жапония мен АҚШ-тың атсалысуы, сондай-ақ Оңтүстік Кореямен, Ресеймен, Қытаймен ынтымақтастықты дамыту арқылы ядролық мәселені сонымен қоса зымырын мәселесі мен маңызды болып табылатын ұрланған Жапония азаматтары туралы мәселелердің шешілуіне барынша күш-жігерімді саламын деп ойлаймын деп қорытындылады [15].

Жапония Үкіметі 2018 жылдың 28 тамызында Министрлер кабинетінің отырысында «Қорғаныс туралы ақ кітапты» мақұлдады. Кітапта Солтүстік Кореяның ядролық қару, зымыранды дамытуы бойынша «осы уақытқа дейін болмаған тым үлкен қауіп-қатер» бұрынғы жылдармен салыстырғанда қатты алаңдатады де атап көрсетілді. Маусым айында АҚШ-пен Солтүстік Корея көшбасшылары кездескеннен кейін де негізі қауіп әлі де өзгермеген деп талдау жасалды [16]. Жапония АҚШ, ҚХР, Ресей және тағы басқа мемлекеттермен ынтымақтастық байланыста бола отырып, Солтүстік Кореяны арандату әрекеттерінен бас тартып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарлары және алты тарапты келіссөздердің бірлескен мәлімдемелерін сақтауға шақырады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, алдағы уақытта тараптардың белгілі бір тоқтамға келіп, Корей дағдарысын бейбіт жолмен шешуге мүмкіндігі бар деп дәйектегенмен, мәселе толық шешімін таппай отыр.

Жапон билігі өкілдері КХДР-на ерекше көзқараспен, үлкен үрей және сенімсіздікпен қарайды.

Жапония АҚШ пен КХДР арасындағы келісімнің орындалуына мүдделі. Қауіпсіздік мәселесіне келгенде ол бейтарап қала алмайды.

Токио Трамп пен Ким Чен Ынның талаптарды орындаудан бас тартпағандығын қалайды.

Жапония КХДР-ның зымырандық бағдарламасы төңірегіндегі мәселені реттеуге алаңдаушылық білдіреді.

Жапония көптарапты құрылымын құрып және әлемдік шаруашылық байланысының жаһандану процесін жалғастыруды қолдайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлемдік экономиканың келешегіне қатысты дерекқор [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <http://www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2017/01/weodata/index.aspx> (қарастырған мерзімі: 28.08.2018).

2. Экономика Китая в 2017 году сохранила второе место в мире после США. [Электронды ресурс]. -2018. – URL: <https://ria.ru/economy/20180306/1515848654.html> (қарастырған мерзімі: 28.08.2018).

3. National Security Strategy of the United States of America [Электронды ресурс]. – 2017. - URL: <http://nssarchive.us/wp-content/uploads/2017/12/2017.pdf> (қарастырған күні: 28.08.2018)

4. Свешников А.А. Концепции КНР в области внешней политики и национальной безопасности. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. - 93-143 с.

5. The World Factbook [Электронды ресурс]. - 2018. – URL: <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/ja.html> (қарастырған күні: 28.08.2018).

6. Северокорейский кризис на современном этапе [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <http://csef.ru/ru/articles/print/8124> (қарастырған күні: 28.08.2018).

7. Ядерная история страны утренней свежести [Электронды ресурс]. - 2018.– URL: https://www.gazeta.ru/politics/2017/03/06_a_10559723.shtml#page4 (қарастырған күні: 15.03.2018).

8. Япония расширила санкции против КНДР [Электронды ресурс]. - 2018.– URL: <https://www.vesti.ru/doc.html?id=2966137> (қарастырған күні: 15.03.2018).

9. Настоящая причина, по которой Северная Корея может начать войну [Электронды ресурс]. - 2018. – URL: <https://inosmi.ru/politic/20170728/239923916.html> (қарастырған күні: 15.03.2018).

10. Токио рассматривает возможность развертывания армии из-за ракет Северной Кореи [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <http://www.newsru.com/world/18apr2017/japanarmy.html> (қарастырған күні: 15.03.2018).

11. Сестра Ким Чен Ына и делегация КНДР прибыли на Олимпиаду [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <http://rus.delfi.lv/news/daily/abroad/foto-sestra-kim-chen-yna-i-delegaciya-kndr-pribyli-na-olimpiadu.d?id=49720439&all=true> (қарастырған күні: 09.04.2018).

12. Ким Чен Ын готов обсуждать с Трампом отказ КНДР от ядерного оружия [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: https://lenta.ru/news/2018/03/28/vse_tainoe_stanovitsja_javnym/ (қарастырған күні: 09.04.2018).

13. Дональд Трамп пен Ким Чен Ын ортақ келісімге келді [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <https://egemen.kz/article/170292-donald-tramp-pen-kim-chen-in-ortaq-kelisimge-keldi> (қарастырған күні: 01.06.2018).

14. «Внедрение в ядерную программу»: в Японии рассказали о 47 требованиях США к КНДР по соглашению о денуклеаризации [Электронды ресурс]. – 2018. – URL: <https://russian.rt.com/world/article/524201-yaponiya-kndr-trebovaniya-ssha> (қарастырған күні: 01.06.2018).

15. トランプ米国大統領との電話会談についての会見 [Электронды ресурс]. - 2018. – URL:https://www.kantei.go.jp/jp/98_abe/actions/201808/22kaiken.html (қарастырған күні: 04.09.2018).
16. 北朝鮮核「重大な脅威」米朝会談後、変化なし[Электронды ресурс]. -2018. – URL:<https://mainichi.jp/articles/20180828/k00/00e/010/209000c> (қарастырған күні: 04.09.2018).

Б.Ж. Абжаппарова, А.А. Тлеубаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Политика Японии по отношению Северной Кореи

Аннотация. В статье рассматриваются особенности развития стран Азиатско-Тихоокеанского региона. В том числе Япония обеспокоена нынешним ядерным кризисом на Корейском полуострове. Определены исторические причины создания ядерного оружия Корейской Народно-Демократической Республики. Нынешний ядерный кризис в Северной Кореи становится глобальной угрозой для всего человечества. В частности, угроза в геополитике к Азиатско-Тихоокеанскому Региону очень высока.

Япония считает, что Северная Корея является серьезной угрозой для ее национальной безопасности. Поэтому Северная Корея занимает важное место во внешней политике Японии. Япония полностью поддерживает политику США на Корейском полуострове.

Анализируется о важности проблемы ядерного разоружения на Корейском полуострове. Особое внимание уделено на политику Японии по отношению КНДР.

В последнее время Япония поддерживает начало процесса денуклеаризации между США и КНДР. Однако осуществление процесса денуклеаризации на Корейском полуострове до сих пор полностью неразрешен.

Ключевые слова: Япония, Азиатско-Тихоокеанский Регион, Северная Корея, Южная Корея, ядерный кризис, безопасность, разоружение, северокорейская опасность, денуклеаризация.

B.Zh. Abzhapparova, A.A. Tleubayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Japan's policy towards North Korea

Abstract. In the article the features of the development of the countries of the Asia-Pacific region are considered. Particularly, Japan is concerned about the current nuclear crisis on the Korean Peninsula. The historical reasons for the creation of the nuclear weapons of the Democratic People's Republic of Korea are determined. The current nuclear crisis in North Korea is becoming a global threat to all mankind. Especially the threat to geopolitics of Asia-Pacific region is very high.

Japan thinks that North Korea is a serious threat to its national security. Therefore, North Korea occupies an important place in Japan's foreign policy and Japan fully supports US policy on the Korean peninsula.

The importance of the problem of nuclear disarmament on the Korean peninsula is analyzed. Particular attention is paid to Japan's policy towards the DPRK.

Recently, Japan supports the beginning of the process of denuclearization between the US and the DPRK. However, the implementation of the denuclearization process on the Korean peninsula is still completely unresolved.

Keywords: Japan, Asia-Pacific region, North Korea, South Korea, nuclear crisis, security, disarmament, the North Korean danger, denuclearization.

References

1. Alemdik Ekonomikanin keleshegine gatisti dererqor [Data on the future of the global economy]. Available at: <http://www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2017/01/weodata/index.aspx> (accessed 28.08.2018).
2. Ekonomika Kitaya v 2017 godu sohranila vtroe mesto v mire posle SSHA [The economy of China in 2017 retained the second place in the world after the United States]. Available at: <https://ria.ru/economy/20180306/1515848654.html> (accessed 28.08.2018).

3. National Security Strategy of the United States of America. Available at: <http://nssarchive.us/wp-content/uploads/2017/12/2017.pdf> (accessed 28.08.2018).
4. Sveshnikov A.A. *Koncepcii KNR v oblasti vneshnej politiki i nacional'noi bezopasnosti. (Rossijskaya politicheskaya ehnciklopediya)* (ROSSPEHN), Moscow, 2001).
5. The World Factbook [electronic resource]. Available at: <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/ja.html> (accessed 28.08.2018).
6. Severokorejskij krizis na sovremennom ehtape [The North Korean crisis at the present stage]. Available at: <http://csef.ru/ru/articles/print/8124> (accessed 28.08.2018).
7. Yadernaya istoriya strany utrennej svezhesti [Nuclear history of the country of morning freshness]. Available at: https://www.gazeta.ru/politics/2017/03/06_a_10559723.shtml#page4 (accessed 15.03.2018).
8. Yaponiya rasshirila sankcii protiv KNDR [Japan has extended sanctions against the DPRK]. Available at: <https://www.vesti.ru/doc.html?id=2966137> (accessed 15.03.2018).
9. Nastoyashchaya prichina, po kotoroj Severnaya Koreya mozhet nachat' vojnu [The real reason why North Korea can start a war]. Available at: <https://inosmi.ru/politic/20170728/239923916.html> (accessed 15.03.2018).
10. Tokio rassmatrivaet vozmozhnost' razvertyvaniya armii iz-za raket Severnoj Korei [Tokyo is considering the deployment of the army because of the missiles of North Korea]. Available at: <http://www.newsru.com/world/18apr2017/japanarmy.html> (accessed 15.03.2018).
11. Sestra Kim CHen Yna i delegaciya KNDR pribyli na Olimpiadu [Sister Kim Jong-Yin and the DPRK delegation arrived for the Olympics]. Available at: <http://rus.delfi.lv/news/daily/abroad/foto-sestra-kim-chen-yna-i-delegaciya-kndr-pribyli-na-olimpiadu.d?id=49720439&all=true> (accessed 09.04.2018).
12. Kim CHen Yn gotov obsuzhdat' s Trampom otkaz KNDR ot yadernogo oruzhiya [Kim Jong-eun is ready to discuss with Dumb the DPRK's rejection of nuclear weapons]. Available at: https://lenta.ru/news/2018/03/28/vse_tainoe_stanovitsja_javnym/ (accessed 09.04.2018).
13. Donal'd Tramp pen Kim CHen Yn ortaq kelisimge keldi [Donald Trump and Kim Chen Yin came to a common agreement]. Available at: <https://egemen.kz/article/170292-donald-tramp-pen-kim-chen-in-ortaq-kelisimge-keldi> (accessed 01.06.2018).
14. «Vnedrenie v yadernuyu programmu»: v Yaponii rasskazili o 47 trebovaniyah SSHA k KNDR po soglasheniyu o denuklearizacii [«Introduction to the nuclear program»: in Japan, they talked about the 47 demands of the United States for the DPRK on the agreement on denuclearization]. Available at: <https://russian.rt.com/world/article/524201-yaponiya-kndr-trebovaniya-ssha> (accessed: 01.06.2018).
15. *トランプ米国大統領との電話会談についての会見* [A conference on telephone conversations with the US President]. Available at: https://www.kantei.go.jp/jp/98_abe/actions/201808/22kaiken.html (accessed 04.09.2018).
16. *北朝鮮核「重大な脅威」米朝会談後、変化なし* [North Korea nuclear «serious threat» after the US-North talks, no change]. Available at: <https://mainichi.jp/articles/20180828/k00/00e/010/209000c> (accessed 04.09.2018).

Сведения об авторах:

Абжаппарова Б.Ж. – Шығыстану кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәтбаев к. 2, Астана, Қазақстан.

Тлеубаева А.А. – Шығыстану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәтбаев к. 2, Астана, Қазақстан.

Abzhapparova B.Zh. – Professor at the Department of Orientalism, Doctor of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.

Tleubayeva A.A. – Senior Lecturer at the Department of Orientalism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Astana, Kazakhstan.